

ЕГЕМЕН

ЖАРАМ

Қазақ тілінде сөйлеген сакура

Бірнеше ғылыми еңбектердің, оған қоса жыр жинақтарының авторы ақын әрі әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы Жанат Әскербекқызы көркем аударма саласында да жемісті еңбек етіп келеді. Оның «Сакура гүлдегенде» атты жана аудармасы сол сөзімізге дәлел.

Өзіндік пішінімен, дәстүрімен ерекшеленетін жапон поэзиясының асыл қазынасына айналған Аривара-но Нарихираның лирикалық өлеңдері, ежелгі және жапон жырларының жинағы «Кокинсю» антологиясын құрастырушы ақындар: Ки-но Цураюки, Ки-но Томоно-ри, Осикоти-но Мицунэ, Мибу-но Тадаминэ, орта ғасырдағы жапон ақындары ұстаз тұтқан атақты Сайгё, үш жолдан ғана тұратын хокку жанрының көрнекті өкілдері: Фудзивара Садайэ, Мацуо Басё, Еса Бусон, Кобояси Исса, Масаока Сики жырлары аталмыш жинаққа енгізіліпті. Әрине, тәржіма барысында поэзиялық туындының өзіндік өлшемдерін сақтай отырып, бес, үш жолға сыйғызылған жапон поэзиясына тән образдылықты сақтау қиын-ақ. Десек те, аудармашы көркемдік әсер қалыптастыруға, ырғақ пен өлең өлшемдерін барынша сақтауға тырысқандығы байқалады. Ж.Әскербекқызы өлеңді тәржімалау барысында әр жолды сөзбе-сөз аударып сірестіріп қоймай, көркемдік ерекшелігін, поэтикалық құрылымын бұлжытпай беретін сөздердің баламасын, ұғымдарды нұсқаға сай береді. Аударма сапасын бағамдау үшін, бірнеше мысалдар келтіре кетейік. Ки-но Томоно-ридің:

Жылдар өтеді, махаббат өшпейді

Жүректі сыздатқан.

Түндерде жасымды төгілтіп жаттым-ау!

Төгілген көз жасы –

Секілді шөп басын көмкерген ақ қырау, – деген өлең жолдары байқап отырғанымыздай, орыс тіліндегі нұсқаға сай баламалы поэтикалық тіркестермен әсем үйлестірілген. Көз жасын жәй ғана «ақ қырау» демей, «шөп басын көмкерген» деп нақтылы теңеумен әсерлі жеткізеді. Сезімді шашау шығармай, бес тармақтан тұратын танка үлгісіне сыйғызған. Мұны аудармашы шеберлігі десе болады. «Танка» үлгісі дұрыс сақталғандығына аталмыш автордың келесі аудармасы дәлел.

Бамбуктың жапырағын

Ақ қырау жауыпты.

Сұп-суық одан да қолдарым.

Жападан жалғыз түн

Не деген қауіпті!

Мұндағы басты ой орыс тіліндегі нұсқаға қарағанда қазақ тіліндегі аудармада әсерлі де анық айтылады. Демек, аудармашы өзіндік түйсігіне сүйене отырып, жапон ақынының ішкі әлеміндегі арпалысты түсініп, дәл беріп отыр. Келесі Мибу-но Тадаминэнің өлеңінің аударылуына назар аударайық:

Все говорят:

Весна пришла.

Я утром гору Есино

Окинул взглядом

Уже затянута Весен.

Ж.Әскербекқызы бұл өлең шумақтарын төмендегіше «сөйлетеді».

Аудармасы:

Бәрі айтады:

Көктем келді деп,

Таңертең Есино тауына қараймын,

Ол дағы көгілдір сағымға

Оранған мөлдіреп...

Ең бастысы автордың айтпақ болған түпкі ойын көмескілендірмей, поэзия тілімен нақты береді. Оқырманның көңіл-күйіне ерекше әсер ету үшін көркем мәтінде эстетикалық қызмет атқаратын бейнелеуіш құралдарды сәтімен қолданады. Табиғат құбылыстарын образды тіркестермен әсерлі жеткізеді. Аударманы оқығанда қарапайым ғана орыс тіліндегідей емес, сөздерді кестелендіріп, өрнектеп барып өлеңге жан бітіре салғандай әсер аласың. Бұл Ж.Әскербекқызының аудармашылық стиліне тән нәрсе. Өзі ақын болса да, аударманы қазақтың кара өлеңіне айналдырмай, түпнұсқа мейлі бес жол болсын, мейлі үш жол болсын қазақ тілінде де дәл солай жол санын сақтап отырады. Қай аударманы алып қарасақ та оқырманды эстетикалық әсерге бөлейді. Әсіресе, аудармашы жеке сөздердің баламасын сәтімен тауып, дәл қиыстырады. Бұл, әсіресе хокку жанрында жазылған өлеңдерде анық байқалады. Мацуо Басё суреттейтін әр мезгілдің табиғат көріністерін нәп-нәзік етіп көз алдымызға әкеледі. Жолма-жол салыстырып көрейік:

Бабочки полет – Көбелек қанаты, Будить тихую поляну – Оятшы, оянсын алаңқай, В солнечных лучах – Күнді іздеп таусылған тағаты.

Бұл арада аудармашы өлеңнің мазмұнын қалпында жеткізуді мақсат тұтқан. Жапон поэзиясының үш тармақтан тұратын хокку үлгісінің заңдылығынан алшақтамай, түпнұсқамен пара-пар аударған.

Өлеңдердің мағынасын арттырып, көркемдік дарытып тұрған жолдарға назар салсақ: «Снег выпал, И на всех деревьях» – «Қар жауды... Бар ағаш Ақ қардан жамылғы жамылған», «И лунный лик холодным» – «Ай сәулесі тым салқын боп сөнгендей». «Цветы увяли. Сыплются, падают семена, Как будто слезы» – «Гүл біткен солыпты. Дәнегін амалсыз Көз жасы секілді төгіпті».

Байқап отырғанымыздай, жыл мезгілдерінің ерекше бір көріністерін тың баламалы образдармен суреттейді. Мұндай шашылып түскен образды тіркестер Жанат Әскербекқызы аудармаларында молынан кездеседі.

Жанат Әскербекқызы бұл жинақта өлең аудармасымен шектеліп қана қалмай, әр ақын жөнінде мәліметтер келтіріп, авторлар жөніндегі тың деректерге кеңінен тоқталған. Өлеңдерге ғылыми тұрғыда талдаулар жасап, өзіндік

көзқарасын да беріп отырады. Жинақ осынысымен де құнды. Кейбір қазақ ұғымында жоқ сөз тіркестеріне сілтемелер арқылы түсінік беріп отырған. Жапон халқының символы болып есептелетін сакура – шие ағашының құрметіне жинақтың атауын «Сакура гүлдегенде» деп атауы да жарасымды.

Аударма теориясындағы: «Поэтикалық аударма автор қолданған көркемдік тәсілдерді барынша сақтауды талап етеді» деген қағидаға сүйенсек, аудармашының жинаққа енген өлеңдерін поэтикалық аударма деуге батыл болады.